

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету отырысы туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген мерзімі: 20.09.2024ж

Өткен орны: кітапхана

Қатысушылар: Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ жас мамандары, тәлімгерлер, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары.


Мақсаты: Тәлімгерлік жүйесінің тиімділігін арттыру, тәлім алушыларға кәсіби даму бағыттарын көрсету және олардың қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру.

2025 жылдың 20-і қыркүйек күні Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ -да жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында отырыс өтті. Бекітілген тәлімгермен тәлім алушының бұйрығымен таныстыру Алғашқы кезеңде тәлімгерлер мен тәлім алушылар бір-бірімен ресми түрде таныстырылды. Осы таныстыру барысында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ербозымова М.Н. тәлімгерлік аясындағы жұмыс тәртібімен бөлісті. Тәлім алушыларға басты мақсаттар мен күтілетін нәтижелер туралы ақпарат берілді.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сарина С.Р. тәлімгерлер мен тәлім алушыларға келер жылғы жұмыс жоспарының негізгі тармақтары түсіндірді. Жоспардағы негізгі іс-шаралар мен оларды жүзеге асырудың мерзімдері талқыланды. Қатысушылар жоспардың тиімділігі мен қажет болатын құралдар жөнінде пікір алмасты. «Ішкі тәртіп ережелері және мұғалімнің кәсіби этикасы» тақырыбындағы баяндама оқылды. Мұғалімдердің ішкі тәртіп ережелері және кәсіби этика қағидаттары жөнінде мектептегі тәртіп пен этика ережелері егжей-тегжейлі түсіндірілді. Қосымша сұрақтар қойылып, оларға жауап берілді. Жас педагогтар нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарын, олардың мазмұнын және оқу үдерісінде қолданылу тәсілдерін талқылады. Педагогтарға олардың құқықтары мен міндеттері туралы толық ақпарат берілді. Ағылшын тілі әдістемелік кафедра мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісті.

Мақсаты: Жас педагогтарды жаңа форматтағы сабақ құрылымымен таныстыру, нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарын түсіндіру, шетел тілі пәні әдістемелік кафедрасы мұғалімдерімен тәжірибе алмасу және жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

«Ағылшын тілі сабағының негізгі компоненттері» тақырыбында Сыдыкова Ж.А., «Дарынды оқушыларды ғылыми жоба жазуға баулу» тақырыбында Ешова А.К. баяндамаларын оқыды. Шетел тілі пәні әдістемелік кафедрасы мұғалімдерімен тәжірибе алмасу барысында жаңа оқыту әдістері мен технологиялары ұсынылды. Қатысушылар бір-бірімен пайдалы ақпараттармен бөлісіп, өз іс-тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік алды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында олар үшін практикалық тренингтер, шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Бұл шаралар арқылы педагогтарға сабақ құрылымын жетілдіру және оқыту әдістерін тиімді қолдану жолдары көрсетілді. Отырыс соңында Ибрашева Г.Д. рефлексия жүргізді. Рефлексия Қатысушылар өздерінің жаңа форматтағы сабақтарды ұйымдастырудағы алғашқы тәжірибесін талқылап, қиындықтары мен жетістіктері туралы пікір алмасты. Рефлексия кезеңі арқылы педагогтардың кәсіби дамуы мен болашақтағы жұмыс жоспарлары анықталды. Өткізілген отырыстың нәтижесінде жас педагогтар жаңа форматтағы сабақ құрылымын терең түсініп, кәсіби дамуға бағытталған қажетті ақпарат алды. Шетел тілі пәні әдістемелік кафедрасы мұғалімдерімен тәжірибе алмасу қатысушыларға өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндік берді. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету арқылы педагогикалық жұмыстың сапасы арта түседі.



Анықтама жазған:  Сарина С.Р-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары